

БЕКІТІЛДІ
«Еуразиялық Сауда
Жүйесі» тауарлық
биржасы» АҚ
Басқармасының
шешімімен,
хаттама № 1489, 12.10.2020 жылы

**Ақпаратты орналастыру бойынша
ұсынымдар**
«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ биржасының
үміткерлері мен аккредиттелген мүшелерінің интернет-ресурсында (сайтта)

1. Үміткерлер қызметінің барынша ашықтығы, клиентке бағдарланған болу, жұмыс сапасы мен бірегейлігін арттыру мақсатында үміткерлер мен аккредиттелген мүшелерге өз сайтында мынадай ақпаратты орналастыру ұсынылады:

1.1 Оның ағымдағы қызметі, ынтымақтастық шарттары және клиенттермен өзара қарым-қатынас орнату туралы.

1.2 Биржалық және брокерлік қызметтер бойынша орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат.

1.3 Клиенттерге қызмет көрсетудің ішкі процестерін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар, типтік шарттар.

1.4 Клиенттер үшін байланыс деректері – заңды тұлғаның мекен-жайы, телефондар (мессенджерларда тіркелген), электрондық пошта мекен-жайлары.

1.5 Басшы, трейдерлер туралы ақпарат.

1.6 ЕСЖ биржасы туралы ақпарат, ЕСЖ биржасының жаңалықтары мен хабарландырулары, оқу роликтерін орналастыру.

1.7 ЕСЖ биржасының сайтында орналастырылған ақпарат пен мәліметтерге белсенді сілтемелердің болуы:

- a) басты бетке;
- b) биржалық тауарлардың котировкалары;
- c) жарияланған аукциондар;
- d) ЕСЖ хабарландырулары мен жаңалықтары;
- e) биржалық саудалар қорытындылары.

2. Домен тіркеуін (домен аты, сайт аты) заңды тұлға атына тіркеу ұсынылады.